

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 559 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 10.10.2017 № 559 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабы 4-тармағына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32 және 36-баптарына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдері қоса беріліп отырған Қағидаларда белгіленген тәртіппен қызметке сайланады, өкілеттігін тоқтатады және қызметінен босатылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы:

1) облыс әкімдерімен бірлесіп, осы Жарлықта көзделген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауы өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің саны мен тізбесін айқындасын;

2) Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыс әкімдері аталған сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

5. "Облыстық, аудандық маңызы бар қалалар мен облыстар аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардағы аудандардың, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы аудандардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдерін қызметке тағайындау, олардың өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 86 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 39, 472-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық маңызы бар қалалар мен облыстар аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардағы аудандардың, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы аудандардың әкімдерін қызметке тағайындау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібі туралы";

1-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Жарлықтың 1-тармағында көзделген өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібінен басқа, облыстық маңызы бар қалалар мен облыстар аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардағы аудандардың, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы аудандардың әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруы бойынша қызметінен босатуы мүмкін."

6. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2013 жылғы 24 сәуірдегі

№ 555 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босатудың осы

қағидалары Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру және өткізу, олардың өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

2. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

3. Жанама сайлау құқығы аталған әкімдерді тиісті аудан (қала) мәслихаттарының депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары-таңдаушылар сайлайтынын білдіреді.

4. Сайлауды өткізу кезінде дауыс беру таңдаушылардың ерік білдіруін қандай да болмасын бақылау мүмкіндігін болдырмайтын, жасырын болып табылады.

5. Кандидаттардың осы Қағидаларда белгіленген шекте сайлауға қатысуға тең құқықтары бар.

6. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының әкімдері төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Сайлау жүйесі

7. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу кезінде дауыс беруге қатысқан таңдаушылар дауыстарының көпшілік санын алған кандидат сайланған болып есептеледі.

8. Әкімдердің сайлауына әзірлікті және оны өткізуді ұйымдастыратын сайлау органдары облыстық, аудандық (қалалық) сайлау комиссиялары болып табылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

8-1. Облыстық сайлау комиссиясы:

1) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының қызметіне басшылық етеді; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; сайлау науқанын өткізу үшін бөлінген мемлекеттік бюджет қаражатын олардың арасында бөледі; төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуын бақылайды; төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде құрылған төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының Орталық сайлау комиссиясының шешімдерін орындауын ұйымдастырады;

3) сайлауға әзірлікке және оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін, сондай-ақ сайлау туралы заңнаманың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының ақпаратын тыңдауға құқылы;

4) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. Жарлық 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

9. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы:

1) әкімдердің сайлауын тағайындайды және оның өткізілуін қамтамасыз етеді ;

2) әкімдікке ұсынылған кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, осы Қағидаларда көзделген жағдайларда оларды тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;

3) дауыс беруге арналған бюллетеньдердің мәтіндерін бекітеді және олардың дайындалуын ұйымдастырады;

4) дауыс беру пунктін дайындайды, дауыс беруге арналған кабиналар мен жәшіктердің жасалуын қамтамасыз етеді;

5) әкімнің сайлауындағы дауыс беру нәтижелерін анықтайды, сайланған әкімді тіркейді, сайлау нәтижелері туралы хаттаманы аудан (қала) әкіміне жібереді;

б) қайта сайлау өткізеді;

7) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және осы Қағидаларға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

10. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалады.

3. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну және тіркеу

11. Сайлау күні туралы хабарды аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жеткізеді.

12. 25 жасқа толған, Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес белсенді сайлау құқығына ие, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қойылатын талаптарға сәйкес келетін, жоғары білімі бар және тиісті облыстың аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары әкімдікке кандидаттар бола алады.

13. Әкімдікке кандидаттар ұсынуды аудан (қала) әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысымен келіскеннен кейін балама негізде (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) жүзеге асырады.

Жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлауды тағайындаған сәттен бастап жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 11.01.2016 № 164 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Әкімдікке кандидаттарды ұсыну аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына аудан (қала) әкімінің ұсынымын және кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтініштерін беру арқылы жүргізіледі.

14-1. Аудан (қала) әкімі әкімдікке кандидаттарды ұсыну туралы ұсынымын аудандық (қалалық) сайлау комиссиясынан дауыс беруге кемінде екі күн қалғанда кері қайтарып ала алады.

Бұл жағдайларда тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды және қабылданған шешім туралы аудан (қала) әкіміне хабарлайды.

Ескерту. Жарлық 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

15. Кандидаттарды ұсыну сайлау күніне отыз күн қалғанда басталады және жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

16. Егер кандидаттардың барлығы тіркелгенге дейін өз кандидатураларын алып тастаған немесе кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күнге әкімдікке

екі кандидаттан кем тіркелген жағдайда, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мен тіркеу мерзімін ұзартады, бірақ ол он күннен аспауға тиіс.

17. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттың қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтайды, ол туралы тиісті хаттама жасайды.

18. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін, тұрғылықты жері бойынша салық органдарына ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне табысы мен мүлкі туралы декларацияларды тапсырады.

19. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын салық қызметі органдары декларацияларды алған күннен бастап жеті күннің ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) табысы мен мүлкі туралы мәліметтерді ұсыну туралы салық қызметі органдарының талабын алған ұйымдар оны алған күннен бастап төрт күннің ішінде сұратылып отырған ақпаратты ұсынады.

Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының кандидаттар туралы мәліметтерді ұсыну туралы талабын алған өзге мемлекеттік органдар оны алған күннен бастап екі күннің ішінде сұратылып отырған ақпаратты ұсынады.

20. Кандидаттарды тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) аудан (қала) әкімінің Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қаласы, ауылдық округі, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімі лауазымына тиісті кандидаттарды ұсыну туралы ұсынымы;

2) әкімдікке кандидат ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініші;

3) әкімдікке кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) табысы мен мүлкі туралы декларацияларды тапсырғаны туралы салық органының анықтамасы.

21. Кандидаттарды тіркеу туралы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы хаттама жасайды.

22. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы:

1) кандидаттарды тіркеу аяқталғаннан кейін жетінші күннен кешіктірмей, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен, әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсібінің) орны мен тұрғылықты жерін, кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, олардың тіркелгені туралы хабарлайды;

2) тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мынадай жағдайларда:

кандидатты ұсыну қағидалары бұзылған;

кандидат лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған;

кандидаттың сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталғанға дейін сайлау алдындағы үгітті жүргізу фактілері анықталған;

сот таңдаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес кандидаттың және оның зайыбының (жұбайының) декларацияны тапсыру кезіне декларацияда көрсеткен табысы мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;

осы Қағидаларда көзделген өзге де талаптар сақталмаған жағдайда, кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

23. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеудің күшін жоюға қатысты кандидат үш күн мерзімде жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасай алады.

24. Кандидаттарды тіркеу дауыс беру күніне он бес күн қалғанда аяқталады.

25. Кандидат тіркелгенге дейінгі кезеңде және дауыс беруге екі күн қалғанда аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

Бұл жағдайларда тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды және қабылданған шешім туралы аудан (қала) әкіміне хабарлайды.

26. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың барлығы шығып қалған жағдайда, сайлау мерзімін ұзарту туралы мәселені аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы шешеді.

27. Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

4. Сайлау алдындағы үгіт және сайлауды қаржыландыру

28. Сайлау алдындағы үгіт осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

29. Сайлау алдындағы үгіт:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және таңдаушылармен кездесулерді) өткізу жолымен;

2) баспа және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына, сайлау комиссияларының мүшелеріне, діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, оның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалаулар мен жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, таңдаушыларға тегін тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ ақша төлеу арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады.

31. Кандидаттар үгіт жүргізуге және өзінің сайлау алдындағы бағдарламасын насихаттауға құқылы.

32. Кандидаттардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, сайлау комиссияларымен қарым-қатынаста кандидаттардың мүдделерін білдіретін, саны бесеуден аспайтын сенім білдірген адамдары болуына құқылы.

33. Кандидаттар сенім білдірген адамдарын өз қалауы бойынша айқындайды және тіркеу үшін аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына олар туралы хабарлайды.

34. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сенім білдірген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер береді.

35. Сенім білдірген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, мемлекеттік саяси қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

36. Сенім білдірген адамдар өздеріне кандидат берген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді.

37. Сенім білдірген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін немесе өз ұйғарымымен не кандидаттың шешімімен өз мәртебесінен айырылады.

38. Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

39. Дауыс беру пункттерінен тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады.

40. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржыландырылады. Бюджет қаражатын жұмсауды аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Мемлекеттік бюджет қаражатынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және қызметіне:

сайлау комиссиялары мүшелерінің жалақысы;

жалақыға үстемеақы;

техникалық қамтамасыз ету (компьютерлер, ұйымдастыру техникасын сатып алу, жабдықтарды жалға алу және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ дауыс беруге арналған құрал-жабдықтарды сатып алу және жасау);

көлік шығыстары;

бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

байланыс қызметтері, почта-телеграф шығыстары;

полиграфиялық шығыстар;

кеңсе және шаруашылық тауарларын, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік рәміздер үшін материалдар сатып алу;

2) үй-жайларды жалға алуға;

3) іссапар шығыстарына;

4) кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіт баспа материалдарын шығаруға;

5) кандидаттардың көлік шығыстарына;

б) сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беру пунктінде орналастырылатын әкімдікке кандидаттар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға арналған шығыстары жабылады.

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдігіне кандидаттарға сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге бөлінетін қаражат мөлшерін тиісті облыстық сайлау комиссиясы айқындайды.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

41. Әкімдердің сайлауында кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен құрылатын сайлау қорларының қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін.

42. Әкімдікке кандидаттың сайлау қоры:

1) жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең төменгі жалақының жиырма бес есе мөлшерінен аспауға тиіс кандидаттың жеке қаражатынан;

2) жалпы сомасы заңнамамен белгіленген ең төменгі жалақының елу есе мөлшерінен аспауға тиіс Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады.

43. Сайлау қорын құрайтын ақша қаражаты тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы банк мекемелерінде ашатын арнаулы уақытша шотқа түсіріледі. Аталған шот бойынша кіріс есептелмейді және төленбейді. Сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек кандидатқа ғана тиесілі.

44. Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей, кандидат өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны туралы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына есеп ұсынуға міндетті.

5. Әкімдерді сайлау

45. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімінің сайлауын Қазақстан Республикасының тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы әкімнің өкілеттік мерзімінің аяқталуына кемінде қырық бес күн қалғанда тағайындайды. Әкімнің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап үш ай ішінде сайлау өткізіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

46. Әкімдердің сайлауында дауыс беру және сайлау қорытындыларын анықтау "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген сайлау рәсімдеріне сәйкес, осы Қағидалардың 46-1-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

46-1. Таңдаушылардың дауыстары тең болған жағдайда, қайта дауыс беру өткізіледі.

Қайта дауыс беру сайлау күні өткізіледі.

Ескерту. Жарлық 46-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

47. Әкімді сайлау тиісті аудан (қала) мәслихаты депутаттары-таңдаушылар отырысында өткізіледі.

48. Таңдаушылардың тізімдерін аудандық (қалалық) сайлау комиссиялары тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша жасайды және дауыс беру пунктінде іледі.

49. Егер таңдаушылардың отырысына тиісті аудан (қала) мәслихаты депутаттарының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болады.

50. Таңдаушылардың отырысында аудандық (қалалық) мәслихаттың хатшысы төрағалық етуші болып табылады.

Таңдаушылар отырысының өткізілу фактісін куәландыратын құжат мәслихат хатшысының аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына ұсынатын отырыс хаттамасы болып табылады.

51. Таңдаушылардың отырысына тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қатысады.

52. Таңдаушылардың отырысы өткізілетін үй-жайда аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы әкімдерді сайлау бойынша дауыс беру пунктін ұйымдастырады.

53. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттама жасайды.

54. Отырыс аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының төрағасы әкімдерді сайлау бойынша дауыс беру нәтижелерін жария еткеннен кейін жабылады.

55. Егер сайлау жарамсыз деп танылса не қайта дауыс беру сайланған кандидатты айқындауға мүмкіндік бермесе, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

56. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлау өткізу кезінде жүзеге асырылуы көзделген сайлау іс-шаралары "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және осы Қағидаларға сәйкес өткізіледі.

Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

6. Әкімдерді тіркеу және олардың қызметке кірісуі

57. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімде сайланған әкімді тіркейді. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы шешімі аудан (қала) әкіміне және тиісті мәслихатқа ұсынылады.

58. Әкім лауазымына орналасу арнайы тексерістің оң нәтижелерін алғаннан кейін жүзеге асырылады. Арнайы тексерістің нәтижелерін алғанға дейін тұлға әкімнің міндеттерін уақытша атқарады.

59. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлау қорытындыларын және сайланған әкімнің тіркелгені туралы хабарды, оның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс (кәсібінің) орнын және тұрғылықты жерін, әкімнің қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы мен қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтерді көрсете отырып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

60. Облыстық, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы таңдаушылардың тізімдерін жасау қағидалары, дауыс беру және дауыстарды санау, сайлау

қорытындыларын анықтау тәртібі бұзылған, осы Қағидаларды басқа да бұзушылықтар орын алған жағдайда, егер бұл іс-әрекеттер таңдаушылардың ерік білдіру нәтижелерін дұрыс анықтауға мүмкіндік бермейтін болса, әкімдер сайлауын жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 792 Жарлығымен.

7. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату тәртібі

61. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін аудандардың (қалалардың) әкімдері облыс әкімдерінің келісімімен қызметінен босатады.

61-1. Жергілікті қоғамдастық жиналысы әкімді қызметтен босату туралы мәселеге бастамашылық жасай алады.

Ескерту. Қағидалар 61-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 11.01.2016 № 164 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

62. Аудан (қала) әкімі Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қаласының, ауылдық округінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенті мен ауылының әкімі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы оның өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап үш күн мерзімде тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына хабарлайды.

8. Қорытынды ережелер

63. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының актілерімен шешіледі.

64. Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтерінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдарының бұрын тағайындалған әкімдері жаңадан сайланған әкім тіркелген күннен бастап өз өкілеттіктерін тоқтатады.